

Ұлттық саз және ән өнеріне салынған тұсаулар

ҚР Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті Б.Г.Ерзакович: «Қазақ халқының төңкеріске дейінгі рухани мәдениетінің қуаты – ұлттық музыка өнері болды. Ол ғасырлар бойы ауызекі ұлттық-музыкалық-поэтикалық мәдениет жасалды. Оларда адам мен табиғаттың сұлулығы, рухани эстетикалық көзқарастар дүниесі мен өмірі туралы философиялық байыптаулар және тұрмыстық этикалық және адами құнды негіздер көрініс тапты», - дейді (Мұхтар Құл-Мұхамед. Орыс энциклопедиясындағы қазақ шежіресі. Атамұра, Алматы, 1994 ж. 85-б). Ал, Кеңес дәуірінде тағы бір күйзеліске ұшырап, рухани отарланған саланың бірі – осы музыка, ән өнері. Соның ішінде қазақтың ұлттық өнері шетқақпайланды.

Мысалы, Кеңестік Қазақ Республикасының идеология жөніндегі хатшысы Нұрымбек Жандилдин қазақтың ұлттық аспаптар оркестрінің рөлін кемітіп, әсіресе домбыраны жойып, қазақ өнерін симфониялық оркестрге айналдырып жіберу үшін атсалысты (Бекежан Тілегенов, «Тұйық өмірдің құпиясы», роман-толғау, «Дәуір». Алматы, 1992 ж. 23-б).

Қазақтың ұлттық саз өнерінің зерттеуші ғұлама-ғалым Ахмет Жұбановты «КСРО халық әртісі» атағына ұсынғанда, республика идеологтары «қазақтың ұлттық өнерін зерттеген адамға мұндай атақ беру жармайды», - деп, сызып тастады. Ұлттық музыка өнеріне шабуыл жасау мұнымен аяқталған жоқ, 1958 жылы Мәскеуде қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігі өтерде Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрін апару керек пе, жоқ па, деген талас басталғанда, декаданы өткізу жөніндегі комиссия төрағасы Кәріпжанов: «Қазақтың музыкасы кімге керек, Мәскеуге оның қандай қажеті бар?», - деп, шешім қабылдады.

Бұндай келеңсіз әрекеттер айта берсе таусылмайды. Қазақ саз өнерінің білгір маманы Ілия Жақанов: «жиырмамыншы, отызыншы жылдарда қазақтың көп әні жаңа социалистік қоғамның насихат құралына айналып, өзінің о бастағы сөзінен, мәнінен ажырады. Сол кездерде колхоздастыру, сауатсыздықты жою, әйел теңдігі науқаны басталғанда Үкілі Ыбырайдың «Толқын» әні: «Елім бар колхоз болып дүрілдеген» деп, «Ақбаян» әні: «Ой, Ленин, қараңғыда көп елің» деген қайырмамен, «Балқадияша» әйел теңсіздігін шенеген ән боп шыға келді. Үлебайдың қалжындап шығара салған «Дударайы» ұлттар достығы үшін Марьям Жагорқызының әні боп, ел санасына еріксіз сінді. Ықылым заманнан бері бір сөзіне қылау түспеген әндеріміз осылай «жаңа сипатқа» ие боп, құбыла қалды», - дейді.

Қазақ әнінің майталман орындаушысы және өнертанушы зерделі тұлға Жәнібек Кәрменов: «1933 жылы 200-ден аса халық әні мен халық композиторларының әні сотталды. Бұның бәріне тағылған

айып, «феодалдық дәуір туындылары» немесе «ескінің сарқыты». Кейбірі арнайы тапсырмамен «жаңа заманға» лайықталып сөзі немесе әні өзгертілді. Бұл науқан 1951 жылы тағы бір қырағылықпен жүргізіліп барлық әндер қатаң цензурадан өткізілді. Әсіресе діни атауы бар сөздер тұтқындалды. Осылай үш мың жылдық тарихы бар қазақ әнінің қанаты қатыгездікпен қырқылды.

Қатал уақыттың диірмені жаныштап, аштық пен түрмеден ақсүйек болған ел мәдени мұрасынан, әнінен айырылған соң, арқасы жауыр, мұрны тесік тайлақтай, бәрінен безіп, жетекке жүре берді. Рухани тапшылыққа, тоқыруға ұшырады.

Төл сөз түрмеге кетті. Жаңа жасанды сөз жанға жарық түсірмеді.

Көптеген әндер айтылмай ұмыт қалды. Тіпті қазақ даласын жаяу аралып тірнектеп жүріп жинаған А.В.Затаевичтің 1500 әні шаң жұтып архивте қалды. Қызығып қолына алған жан «заманның қырағылығынан» қорықты. Себебі, бұл әндер жоғарыдағы сұрыптаудан өтпей қалған еді. Кейінгі жылдары ән сөздерінің бір-біріне ауысып, шатасып жүруі немесе сүреңсіз, мағынасыз текстердің телінуі, сайып келгенде, жоғарыда айтқан зауалдың кесірінен екені аян.

Әнді тонау – тарихты тонау. Ең бастысы – сол әндерді шығарушылардың тағдырына жасалған қиянат. Сондай қиянат көргендердің бірі Сегіз сері әндері. Сол сияқты алаш ардагері Ахмет Байтұрсыновтың «Аққұм», «Қаракөз» әндері мен «Ілме» атты күйі, Жүсіпбек Аймауытовтың «Қызыл бидай» әні, Мағжан Жұмабаевтың «Сүй, жан сәулем», «Сен сұлу», «Япыр-ай» т.б. әндері халық әніне телінді.

Қазақ музыкасын зерттеушілердің айтуына қарағанда, халқымызда 5 мыңнан аса күй, 12 мыңға жуық ән бар екен. Оған әрбір әннің әртүрлі нұсқаларын қосыңыз. Осылардан таспаға түсіп, кең қолданымда шырқалып жүргені 250-ге жуық ғана. Бұл қолдан жасаған жұтандық жыл өткен сайын кему үстінде...», - деп жазыпты (Халық әндері мен композиторларының әндері. 1-том. Құрастырған – Жәнібек Кәрменов.

Алматы «Өнер» 1990 ж. 6-12 бб).

Кеңестік әкімшілік басқарудағы ұлтсыздық. Кеңес кезіндегі әкімшілік басқару негізінен отарлау саясатын жалғастыру сипатта дамыды. Мысалы, әкімшілік басқаруда бастық және оның бұйрығын бұлжытпай орындаушы шенеунік ғана бар. Ол жерде қазақ ұлттына пайда тигізерлік тырнақтай әрекетке жол берілмейді. Барлық үлкенді-кішілі шенеуніктер осындай зиянды істен аулақ болуға тырысып өмір сүрді. Қазақ халқының мүддесін қорғайтын адам бұл жерде қызмет атқара алмайды. Ондай адамды аппаратта бір күн де ұстамайды. Мұндай жүйені қалыптастыру арқылы отаршылар өздерінің көзге көрінбейтін идеологиясы мен тәртібін орнатып, үстемдігін сақтайды. Сондықтан болар, аппаратта аса өткір, ұлтшыл адам тұрақтамайды. Ол жерде өз ойын-пікірін айтып, дәлел келтіре алатын адамда күн болмайды. Аппаратта тіл алғыш, тапсырма орындағыш, көзге түспей өз

жайымен жүретін адамдар ғана ұзақ отырады (Бекежан Тілегенов, «Тұйық өмірдің құпиясы», роман-толғау, «Дәуір». Алматы, 1992 ж. 36-б). Жеке адамдардан арыз, шағым, өтініш, аз түспейді. Бір ғажабы сол арыздарға Орталық Комитет өзі тікелей жауап бермейді, ешқайсысын үлкен үйге шақырып, әңгімелеспейді. Арыз-шағымдарды келген жеріне қайтарады. Жергілікті басқару орны арыз иесіне ұрсады немесе шағымын қараған болып алдаусыратады. Ең соңында: «арыз иесіне бәрін түсіндірдік, тиісті шара қолдандық», - деп Орталық Комитетке жауап жазады. Сонымен арыз жабылады. Осылай жұмыс жүріп жатады. Ақыры ешкім ештемеге жауап бермейтін басқару жүйесі қалыптасады (Бекежан Тілегенов, «Тұйық өмірдің құпиясы», роман-толғау, «Дәуір».

Алматы, 1992 ж37-б).

Сөйтіп, ұлттың тұрақты генофондындағы тексіздер мен жетесіздердің үлес салмағы өлшеусіз көбейді, керек десеңіз, басым көпшілікке айналды. ...Бүгінгі ел қамын ойлайтын бірлі-жарым алаш азаматтарын аяқтан шалған, төбеден ұрған, қайткен күнде өздерінің күйкі ой, теріс пиғылдарын күнделікті баспасөздерден – жоғары билікке дейінгі аралықта тоқтаусыз өткізіп отырған ұлтсыздықтың қуат-күші ең алдымен осындай жетесіздікте жатыр (Мұхтар Мағауин: Ұлтсыздану ұраны. «Алаш», Алматы – 2004. 57-58-бб).

Билікке қолы жеткен қазақ отаршылға жағыну арқылы, қайткенде де жанын ғана емес, мансабын да сақтау амалына көшті. Бұрын жекеленген орын алған сатқындық енді жалпыға тән үйреншікті сыпатқа айналды. Міне, дәл осы кезде билікке жақын мемлекеттік қызметкер атаулының өз тұғырын нығайту үшін ойлап тапқан амалдарының бірі – төңірегіне топ жинау болды. Әлбетте, ойы келте, өрісі қысқа шенеунік пікірлес, тілектес іздемеді, жерлес, жемтіктер іздеді. Мүлде ұмытыла бастаған рулық ұжым аяқ астынан қайта тірілді (Мұхтар Мағауин: Ұлтсыздану ұраны. «Алаш», Алматы – 2004. 40-41 бб).

Бұл жерде алаш арысы Жүсіпбек Аймауытовтың: «...Орыстың жақсы жағын жаттауға еліктеу – дұрыс та, кәпірлігін, мақтаншақтығын, рақымсыз, қызықшыл, қалташыл, антшыл «суық» шенеуніктігіне еліктеу, ақсүйек болуға, салтанат түзеуге, тұрмысын, жүрісін, үй ішін жат түрге салып, қазақтықтан қашыртуға еліктеу – үлкен мін, кемшілік. Бұ жағынан оқығандар арына төрелетіп, сақ болуы керек...», - деген өсиеті жайында қалды («Абай» журналы. 2 қазан 1918 жыл).

Кеңестік отарлаушылар әлеми-қазақы мәдени үлгіні терең меңгерген, яғни, Алашорда өкілдерін атып тастады да, одан қалды икемге көнгіш, орта ой өкілдерін төбесіне көтеріп, алдына ас, екі қолын бос қойды (Марат Қабанбай, «Қазақ, қайда барасың?») 1995 ж. Алматы қ.47-б).

Күндер өте келе сырт пішімі ғана қазақ, іші славян-еуропалық - әлемдік менталитетке ыңғайлы экономикалық, мәдени, саяси, сен түр мен атайын дүбәра тайпа

калыптасып үлгерді. (Марат Қабанбай, «Қазақ, қайда барасың?» 1995 ж. Алматы қ.25-б).

Ұлт тарихының бұрмалануы. Үнді қайраткері Жавахар-лал Нерудің: «Отар елдің тарихын отарлаушы жазады» дегеніндей, кезінде қазақтың үлкен ақыны Ғафу Қайырбеков ағамыз, жорта аңқаусып: «осы орыстың хандарының бәрі ақылды да, қазақтың хандары неге ақымақ», - деп қиналатын көрінеді. Расында, отарланған елдің шынайы тарихы ешқашан жазылмайды. Атақты француз қолбасшысы Наполеон айтқандай: «Тарихта нағыз шындық жазылмайды, тек жеңімпаздар мен жеңілгендер тарихы ғана оқытылады».

Кеңес заманында жазылған қазақ тарихы марксистік идеолог, отаршылық көзқарас тұрғысынан жазылған жарымжан тарих. (Мұхтар Мағауин). Біздің ұрпақ ұзақ жыл осы жарымжан тарихпен сусындап келді. Жазушы Акселеу Сейдімбектің тұжырымына сүйенсек, қазақ халқы осы уақытқа дейін, дәлірек айтқанда XVIII, XIX, XX ғасырлардың тарихына империялық Ресейдің көзімен қарап келді. Қазақ халқы оқыған адамзат тарихының идеологиясы негізінен тотаритарлық системаның нұсқауымен үйретілді. Бүгінгі ұрпақ сол талғам-таныммен тәрбие алып өсті. Ресейдің отарлау саясатына қолшоқпар болғандарды шетінен «Орта Азияны жабайылықтан құтқарушылар» деп оқытты. Осыдан кейін ұрпағы өз бабаларын өздері тілдеуге, өз аталарын өздері қорлауға мәжбүр болды. Өйткені, дүниеге тек қана әрісі еуропалықтардың, берісі империялық Ресейдің көзімен қарау өмір заңы еді. Ең сұмдығы, мұндай сорақылық тек қана тарих пәнінің еншісі болып қойған жоқ, сонымен бірге көркем әдебиет, кино, театр, бейнелеу өнері сияқты рухани өрістердің баршасына улы тамырын жая орнықты. Расында біздің өткен тарихымызды тану жолындағы қасіретіміз – ақтаңдықтар емес, өтірік қолдан жасаған бояма бозтаңдақтар (Мұхтар Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. Алматы, «Қазақстан» 1995. 128-б).

Қазақ тарихына қатысты кітап алғаш 1943 жылы «Қазақ ССР тарихы» деген атпен жарық көрді. Бірақ соғыстан кейін бұл кітап тоналды. Ішіндегі Кенесары ханға қатысты бөлімдер алынды. Бұл кітап коммунистік сүзгіден екшеліп, 1949 жылы қайта басылды. Одан кейін 1979 жылы бес томдық «Қазақ ССР тарихы» жарық көрді.

Жоғарыдағы туындылардың жазуы бойынша, қазақ ұлы орыс халқының қамқорлығы арқасында адам болған, мәдениет үйренген, яғни, орыс отаршылдығы – бауырмалдық, қамқорлық делінген. Яғни, отарлаудың кеңестік дәуірінде қазақ халқының өткен тарихы, өнері мен мәдениеті, бар болмысы орыстық шовинизм көзімен бағаланды. Жоғарыдағы бес томдықты жазуға атсалысқан жазушы-тарихшы Мұхтар Мағауин: «Бұл кітап қазақтың өткенін тануға емес, қайта ұмыттыруға қызмет ететін туынды болды, өз басым II, III томдарға тиеселі Қазақ хандығы дәуіріндегі сөз өнері мен фольклар туралы тарауын жазып едім, алайда, екшеуден кейін оң бітік теріске бұрылыпты, кітап басылып шықанда өзім жазған дүниемді өзім та-

нымай қалдым, түбегейлі өзгертіп жіберген», - дейді (Мұхтар Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. Алматы, «Қазақстан» 1995. 6-б)

Жоғарыдағыдай идеологиялық үстемдіктің салдарынан тіпті зиялы маман тарихшылар арасында өз халқының тарих-танымынан жеріну үрдісі қалыптасты. Мысалы, академик, профессор Серғали Толыбеков «Кочевое общество казахов» деп аталатын, еңбегінде, қазақ халқында мемлекет те болған жоқ, тарих та, мәдениет те болған жоқ дейді.

Қазірдің өзінде еліміздің білім беру саласындағы барлық буынға оқытылып жатқан тарихи оқулықтар бұрынғы идеологиялық ауытқушылыққа бой ұрған үрдістен әлі толық арыла алмай отыр. Тіпті бұрынғы жалған тарихтың орнына енді жалтақ тарих оқытылып жатқандай (Мұхтар Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. Алматы, «Қазақстан» 1995. 128-б). Оның сыртында қазіргі тарихтану мәселесінде – қазақ ұлтын асыра мақтап, тарихын бірыңғай батырлық, ерлік үлгісі ретінде баяндау етек алды, бұл үрдіс ұрпақты жалған тоғышарлыққа тәрбиелейтін келеңсіз құбылыс (Аманкелді Айталы: Ұлттану «Арыс» баспасы, Алматы – 2000. 8-б).

Өйткені, өзің отаршылықтың ойранынан еңсе көтере алмай отырып, «бабаларымыз батыр болған» деп, болашақ ұрпақты сендіре алмайсыз. Жалпы отаршылықтың зардабынан ұрпақты құтқаратын бір жол - тарихи сананы қалыптастыру. Ол үшін халқымыздың осындай күйге қалай душар болғанынын деректі түрде ашық баяндай отырып, құтылатын жол іздеу.

Осы орайда, қазақтың жаужүрек ұланы Бауыржан Момышұлы: «Ренжитінім – ұлтымның тарихы ұмытылып барады. Кешегі Санжар Асфендияров, Мұхамеджан Тынышпаев ағаларым – бірі дәрігер, бірі теміржол инженері болса да, тарихымызды жазуға шама-шарқынша үлес қосты. Ол кісілер жат пиғылдылардың аяқ-қолымызға ғана емес, ой-санамызға, арман-қиялымызға кісен, бұғау салғанын сезді, түсінді. Ермұхан Бекмахановтың ерлікке, елдікке толы талпынысы да тарихшыларды тас қайрақтай қайраса керек еді. Өкініштісі, олар жасқаншақ, жалтақ. Ең бастысы, біздің бүгінгі тарихшыларымызға рухани сезімталдық жетіспейді», - деп өкініш білдіруі қазіргі таңда өте бір өзекті мәселеге айналып отыр (Жанұзақ Әкім. <http://www.namys.kz/2015/10/zhan-za-kim-lty-sana-alyptaspa/>)

Тарихи сананың құлдырауы. Философия ғылымының докторы Арғын Қасымжанов «тарихи сана» деген ұғымды былай деп түсіндіреді: әрбір жеке адам, тұтас ұрпақтың тарихты сезінуі, өзінің шыққан тегін, өлкесін, халқын, нәсілін, оның рухани түп-тамырларын, өткен тарихи жолын танып-білуге ұмтылып, сана-сезімнің оянуы. Бұл – өскендіктің, рухани мәдениеттің жоғары сатыға көтерілу белгісі.

Осыған қарама-қарсы ұғым ол – мәңгүрттік. Мәңгүрттік – өз ұлтының рухани-тарихи маңызынан қашу, күнделікті құлпырмалы, конъюнктуралық мақсаттарға абсолюттік мән беру, өзгермелі күнделікті моданы бетке ұстап, оны алдыңғы қатарға қою. Өткен замандағы отаршылдық

қазақ халқын ес жиюға мүмкіндік бермей, жылдар бойы «мәнгүрттік-ке» ұстап келді.

Жоғарыда ғалым ағамыз айтқандай: «Отаршылықтық ең өзекті тұсы отарланған, яки езгіге түскен халықты қожайыны ең алдымен өзінің тарихи санасынан айыруға күш салады. Яғни, өткен тегін білмейтін, білгісі де келмейтін мәнгүртке айналдырады». Академик Манаш Қозыбаев: «Бодан болған елдің санасын тұсап, рухани құлдыққа қарай икемдеу үшін қолданылатын ең төте тәсіл – халықты өз тарихи жадынан айыру», - дейді (Ұлттық рух-ұлағат бастауы. // Қазақ әдебиеті, 4 қараша, 1997 ж).

Тарихи сана һәм таным-түсінікке қатысты жоғарыдағы методологиялық қайшылықтар біздің санамызға өмір шындығын көп ретте кері мағынасында орнықтырып отырды. Дәлірек айтқанда, тарихтың объективті шындық империялық саясаттың сойылын соға бұрмаланып, нәтижесінде бодандықтағы ұлттар өз тарихын жатсынуға, өзінің өткенінен жиренуге мәжбүр болды (Ақселеу Сейдімбек).

Осылай сананың сан құбылуынан қазақ сияқты бодандықтың бұғауында болған ұлттар тарихи даму үрдісіндегі өзінің ақиқат болмысын парықтау қабілетінен айырылып, сапалық сұрыптау мен жетіліп отыру қабілеті жансызданды. Асылын аяқ асты етіп, жасыққа малданатын, жатқа жалтақтайтын, этникалық таным мен талғамның дертті болуы, яғни тарихи сананың сапасыздануына әкеліп соқты.

Нәтижесінде, отарлық дәуір ұлттың санасына айықпас кембағалдық комплекс қалдырды. Тіліміздің дамымауына, ұлттық мәдениеттің көптеген саласының кенжелеп қалуына, әлі күнге дейін Қазақстанда, қазақ қауымында орыстану процесінің тоқтамауына негізгі себеп – 300 жыл үздіксіз қазақ санасына соқталанып салынған кембағалдық комплекс. Яғни, 300 жыл бойы «сенің тілің де, дінің де, дәстүрің де, тарихың да, түрің де жаман» деп мың-миллион рет қайталана бергеннен кейін және осы көзқарас отарлаушы ел тарапынан жүргізілген саясаттың нәтижесінде ұлттың санасына удай сінді. Сөйтіп халықтың тарихи санасы көмескіленді. Тарихи санасын жоғалтқан халық ешқашан толық тәуелсіздікке қол жеткізе алмайды (Смағұл Елубай. Тіл және Қоғам. «Постколониализм немесе отаршылық ойраны» № 2, 2006 ж. 39-б)

Кеңес дәуірінің өзінде қазақ халқының тарихи санасын дамытпау жолында қырағы идеологтар күні-түні кірпік қақпай бақылады. Мысалы, 1950-ші жылдары жарық көрген тарихшы Ермұқан Бекмахановтың еңбектерін сүзгіден өткізген айыптаушылар одан халықтың тарихи санасын оятуға ықпал етерлік һәм қазақ тарихына қатысты шындықтарды тауып монографияны тұтқындап, авторды соттады. Тарихшы Бекмахановты айтыптау қорытындысында: «... айыпталушы Бекмаханов орыс халқына қарсы күресуші һәм Қазақстанда орта ғасырлық тәртіптерді сақтап қалуға ұмтылушы керітартпа хандары мен сұлтандарын мадақтаған. Сондай-ақ Кеңес өкіметіне қарсы күрескен халық жаулары – алашордашылардың шығармаларын пай-

даланды...», деп айып тағылған (Халима Бекмаханова, «Егемен Қазақстан газеті» // 15-ақпан, 2013 ж).

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ, *зерттеуші*